

БЕКІТЕМІН:

**«Қарағанды облысы
білім беруді дамытудың оқу-
әдістемелік орталығы» КМҚК
басшысы**

Б.Х. Абдикерова

«30» 09 2024ж

**«Химия» және «Биология» пәндері бойынша бейнесабактардың
облыстық байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

I. БАЙҚАУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы Ереже «Химия» және «Биология» оқу пәндері бойынша бейнесабактардың өңірлік конкурсына (бұдан әрі – конкурс) қатысу тәртібі мен шарттарын реттейді, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

Байқау Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жоспары бойынша өткізілуде.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқаудың мақсаты – білім алушылардың білім сапасын арттыруда, бейне сабақтар құрастыру бойынша жұмыс тәжірибесін жинақтау арқылы химия және биология мұғалімдерінің кәсіби өсуін, шеберлігін дамыту.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- қашықтықтан оқытуда әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- оқу үдерісіндегі үздік бейнесабактардың мәліметтер базасын құру;
- құндылыққа бағытталған оқытуды пайдалану.

III. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1.1. Мазмұны:

- конкурстық жұмыс мазмұнының облыстық конкурстың ережелеріне сәйкестігі;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандарттарына және білім беру бағдарламаларына сәйкестігі.

3.1.2. Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- минималды өлшем (720x480) арақатынасы (16:9);
- формат *.mp4.;
- бейнематериалдың уақыты 10 минуттан 30 минутқа дейін.

3.1.3 Аудио және бейнеконтент өндірушілердің авторлық құқықтарын сақтау.

IV. БАЙҚАУДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- берілген тақырыпқа сәйкестік;
- сабақ тақырыбын ашудың толықтығы;
- құндылыққа бағытталған оқытуды дамытуға арналған тапсырмаларды қолдану;
- жасанды интеллект қолдану;
- цифрлық ресурстарды пайдалану;
- сабақты өткізу сапасы;
- конкурс материалының мазмұны (жұмыс көлемі, өтінімдердің болуы);
- дизайн және түсіру сапасы;
- түпнұсқалық;
- шығармашылық даралықтың көрінісі;
- болашақта материалды кеңінен қолдану мүмкіндігі;

V. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. Байқауға меншік түрі мен нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының химия және биология мұғалімдері қатыса алады.

5.2. Топтық жұмыстар конкурсқа қабылданбайды.

5.3. Конкурстық өтініміңізді және бейне сабақтың сілтемесін umc-ro@umckrg.gov.kz электрондық пошта мекенжайына YouTube арнасына сілтемені көрсете отырып жіберіңіз.

5.4. Байқауға қатысушылардан ұсынылған бейнематериалдар саны біреуден аспайды. Әрбір бейнематериалға облыстық байқауға қатысуға өтінімді толтыру қажет (1-қосымша) және Химия, биология пәндері бойынша облыстық бейне-сабақтар байқауына жіберілетін сабақтардың сыныбы және тоқсаны (2 қосымша) берілген.

VI. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Байқау қашықтан өткізіледі.

6.1. Бірінші өңірлік кезең: 2024 жылғы 7 қазан мен 31 қазан аралығында қалалық/аудандық білім бөлімдері деңгейінде өтуі тиіс.

6.2. Екінші аймақтық кезең: 2024 жылдың 4 қарашасы мен 15 қарашасы аралығында үздік конкурстық жұмыстарды іріктеуді Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы жүргізеді.

6.3. Байқау жеңімпаздары 1, 2, 3 дәрежелі дипломдармен, ал қатысушылар сертификаттармен марапатталады.

6.4. Жеңімпаздар 2024 жылдың қараша айында марапатталады.

ҚАТЫСУҒА ӨТІНІШ
«Химия», «Биология» бейнесабақтарының облыстық байқауы

	Бейнесабақтың авторы туралы ақпарат	
1	Тегі, аты, әкесінің аты (толық)	
2	Қала/аудан	
3	Пәні	
4	Оқыту тілі	
5	Сынып, сабақ тақырыбы	
6	YouTube арнасына сілтеме	
7	Электрондық пошта	
8	Байланыс нөмірі	

Химия, биология пәндері бойынша облыстық
бейне-сабақтар байқауына жіберілетін сабақтардың сыныбы және тоқсаны

№	Аудан/қала	бейнесабақтар (сынып/тоқсан)
1	Қарағанды	11 сынып 1 тоқсан
2	Теміртау	10 сынып 1 тоқсан
3	Шахтинск	9 сынып 1 тоқсан
4	Балхаш	8 сынып 1 тоқсан
5	Саран	7 сынып 1 тоқсан
6	Приозерск	11 сынып 2 тоқсан
7	Қарқаралы	10 сынып 2 тоқсан
8	Бұхар-жырау	9 сынып 2 тоқсан
9	Нұра	8 сынып 2 тоқсан
10	Осакаровка	7 сынып 2 тоқсан
11	Ақтоғай	11 сынып 3 тоқсан
12	Шет	10 сынып 3 тоқсан
13	Абай	9 сынып 3 тоқсан
14	БИЛ №1	8 сынып 3 тоқсан
15	БИЛ №2	7 сынып 3 тоқсан
16	Дарын ММЛИ	11 сынып 4 тоқсан
17	Мұрагер ММЛИ	10 сынып 4 тоқсан
18	Н.Нұрмақов ат. ММЛИ	9 сынып 4 тоқсан
19	Жамбыл атындағы ММЛИ	8 сынып 4 тоқсан
20	МММЛИ	7 сынып 4 тоқсан
21	«Озат» ММЛИ	8 сынып 1 тоқсан
22	«Зияткер» ММЛИ	7 сынып 1 тоқсан

КЕЛІСІЛДІ

МД және ЖББ бөлімінің
меңгерушісі

_____ Мукашева Г.Г.

« _____ » _____ 2024 ж.